

КТК

КӨҢІЛДІ ТАЛҚЫРЛАР КЛУБЫ

## *Ережесі :*

- I. Сәлемдесу (топтың аты, девизи)-10 мин*
- II. Блиц-турнир (билет)- 15 мин*
- III. PR-менеджер (кластер)-20 мин*
- IV. Қорытынды – 5 мин*

## **6-ДӘРІС**

*Бір пәнділік және біртақырыптық жүйе  
бойынша құрылған сабақтар*




# ***Жоспары:***

- ***Бір пәндік сабақтар***
- ***Біртақырыптық сабақтардың құрылымы***




# *Шағын жинақты мектептегі оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері*


Мұғалімнің бір мезгілде екі, үш, тіпті төрт сыныпқа қатар сабақ беруі




Шағын жинақты мектеп мұғалімдерінің күрделі жағдайда жұмыс істеуі



Түрлі сыныптарға арналған оқу бағдарламалары бойынша дайындығы әртүрлі оқушыларға бір мезгілде сабақ жүргізуі



Шағын жинақты мектеп мұғалімінің қызметі әдеттегі мектеп мұғаліміне қарағанда қиын әрі күрделі



Бірнеше сыныпта бір уақытта сабақ беру шағын жинақты мектеп мұғалімінен аса мұқият дайындықты, оқу-тәрбие процесін дұрыс ұйымдастыруды, сабақ кестесін оңтайлы құруды, педагогикалық әдептілікті таныта білуді талап етеді

# Бірнеше сыныппен қатар жұмыс істеудің ерекшеліктері

- мұғалім сабақтың жартысында (немесе одан аз уақытында) сыныппен жұмыс істеуге, ал қалған уақытында оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруға мәжбүр;
- мұғалімнің назары екі немесе үш сынып арасында бөлінеді;
- мұғалім басқа сыныппен айналысып жатқандықтан, жұмысты өздігінен орындайтын оқушылардың мұғалім тарапынан тез арада көмек алу мүмкіндігі жоқ;
- Басқа сыныпта әңгімелесу, түсіндіру және т.б. іс-әрекеттер жүретіндіктен, екінші сынып өздігінен жұмыс істеуге мәжбүр болады;
- шағын жинақты мектеп мұғалімі күн сайын 8, 12 сабаққа дайындалуы тиіс.

- ❖ Шағын жинақты мектептің біріктірілген сыныптарындағы сабақты тиімді ұйымдастыру **бірпәндік оқыту принциптері** негізінде құрылып, пәнішілік кіріктіре оқыту жүзеге асырылады.
- ❖ **Бірпәндік оқыту принциптері** – белгілі бір пән мазмұнындағы тақырыптарды (мазмұны ұқсас немесе мазмұны әр тектес) кіріктіре оқыту.
- ❖ Бірпәндік оқыту принциптері бірпәндік сабақтарды ұйымдастыруда қолданылады.
- ❖ Ал **бірпәндік сабақ дегеніміз** – біріктірілген сыныптарда бір ғана пән бойынша (мысалы, екі сыныпта да қазақ тілі сабағы) өткізілетін сабақ. Бір саладағы сабақты өткізетіндіктен, мұғалім назарын бір сыныптан екінші сыныпқа оңай аударады.

# Бір тақырыптық сабақтың құрылымы

I Кіріктірілген бөлім

**Бағдарлау-мотивациялық кезең**

Мұғалім басшылығымен орындалатын жұмыстар

Екі сыныппен қатар жүргізілетін тапсырмалар беріледі, үй тапсырмасы тексеріліп, жаңа сабақ түсіндіріледі.

II Сараланған бөлім

**Операциялық-орындаушылық кезең**

Әр сыныппен жеке дара жұмыстар жүргізіледі

Оқушының өздігінен орындайтын жұмыстары.

Мұғалім басшылығымен орындалатын тапсырмалар

Мұғалім басшылығымен орындалатын тапсырмалар

Оқушының өздігінен орындайтын жұмыстары.

III Кіріктірілген бөлім

**Рефлексиялық-бағалау кезеңі**

Сабақты бекіту үшін екі сыныппен қатар жүргізілетін тапсырмалар беріледі.




# *Бірпәндік сабақтар мұғалімнен мұқият дайындықты талап етеді:*

- материалды зерттеу*
- деректер, мысалдар жинау*
- қажетті көрнекі құралдар табу*
- Жиналған материал әдістемелік өңдеу*
- материалды балалар терең меңгеруі үшін оны дұрыс қолдану*

# *Оқушыларды белсендіру үшін:*

- Көлемі жағынан үлкен емес өздік жұмыстар
- Ауызша есептер
- Материалды кішкентай аяқталған элементтерге бөлшектеу
- Материалды толық меңгергенге дейін жүйелі түрде өңдеу

- *Сабақтың тиімділігін арттырудың басты құралы – сабақтағы әрекеттің көптүрлілігі болып табылады.*
- *Ы. Алтынсарин өз еңбегінде бала үздіксіз әрекетті талап етеді, сондай-ақ бала әрекеттен емес, оның бірсарынды, біржақты құрылуынан шаршайды деп атап көрсетеді.*



# Қорытынды

- Бірпәндік оқу жүйесі іс жүзінде біртақырыптық сабақтарды жүргізуге, яғни бір пән ішіндегі мазмұны ұқсас тақырыптарды екі сыныпта қатарынан оқытуға мүмкіндік береді. Себебі қазіргі шағын жинақты мектеп тәжірибесінде мұндай сабақтарды ұйымдастырудың тиімділігі арта түсуде.

# *Рефлексия*

## *“Бағдаршам” әдісі*

